

Несие қайтарымдылығын қамтамасыз ету формалары

Сутбаева Р.О

В этой статье рассмотрены теоретические аспекты кредита и формы возврата кредита в банках Казахстана.

This article is about credit and its forms of recurring in banks of Kazakhstan

Несие - нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілерімен қатар, мемлекетте, үкіметте, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады.

Құнның қозғалысы - бұл несиенің қозғалысының кіндігін сипаттайды. Несиелік қатынастардың пайда болатын экономикалық негізіне капитал айналымын жатқызуға болады.

Көбіне несиені ақша ретінде түсінеді. Бір жағынан қарағанда бұған негіз де бар сияқты. Себебі, қазіргі шаруашылықта қарыз көбіне ақшалай түрде берілуде. Бірақ бұл жерде ақша мен несиенің әр түрлі ұғымды білдіріп, әр түрлі қатынастарды түсіндіретінін естен шығаруға болмайды.

Сонымен қатар, несие мен қаржы категорияларын бір санайтындар да аз емес, несие - бұл ақшалай қаражаттың екі жақты қозғалысын, яғни қаражаттың уақытша берілуін және уақыт өткен соң қайтарылуын баяндаса, ал қаржы - сол қаражаттың бір жақты қозғалысын бейнелейді, яғни қаржы: дотация, субвенция, субсидия түрінде берілсе, олар қайтарымсыз сипатқа ие.

Несие - ақша сияқты тарихи экономикалық дәреже болып абылады. «Кредит» деген сөз, «қарызға», «несие» деген «kredo»- сенемін деген мағына беретін латынша «kreditum» деген сөзден шығады. Ол экономикалық дәреже ретінде әр түрлі экономикалық қоғамдарда қызмет етеді. Ол тауар өндірісінің пайда болған кезінен бастап қарапайым формаларында: бай және кедей қоғамдарда көрінеді. Несие қатынастарын ақша қатынастары сияқты үнемі даму үстінде болады. Алғашқы несие табиғи түрде қоғамның дәулетті топтарынан мүліксіз шаруалар мен кәсіпкерлерге тұтыну мұқтаждығы мен қарыздарды өтеу үшін ұсынылған. Тауар-ақша қатынастарының дамуымен несие ақша түрінде көшті. [1]

Құндық қатынасты ерекше формасы сияқты несиенің пайда болуы шаруашылық жүргізуі бір субъектіден босаған құн шаруашылық мәміледе қолданысқа түсетін, бірақ бір уақыттарда жана қайта өндіру цикіліне ене алмайтын кезде ғана жүзеге асады. Несиеге байланысты бұл құн қосымша қаражатқа уақытша қажеттілігі туып отырған басқа субъектіге өтеді және қайта өндіру процесінің шеңберінде қызметін жалғастыра береді. Бірақ

несиелік қатынастардың пайда болуының экономикалық байланысқа түсуге дайын меншік иелері сияқты бір-біріне қарсы тұралатын тауар иеленушілер арасындағы айырбас ауқымынан іздеген жөн. Тауарларды қолдан-қолға өткізу сияқты тауар айырбастау және қызмет көрсетумен ауысу несиелік қатынастардан туындаған экономикалық жеміс.

Несиелік қатынастар пайда болатын және дамыған нақты экономикалық негізде қаражат айналымы мен ауыспалы айналым, яғни несиелік қатынастың материалдық негізі боп құн қозғалысы саналатын болады.

Қарызға алуына несиені кедей болғаны үшін алмайды, ол өзінің меншікті қорларының ауыспалы айналым мен капитал айналымының объективті күшпен толық шамада жетпей тұрғандықтан өз ісін алға бастыру үшін алады.

Несие объективті қажеттіліктен туындаған және ол қоғамдық өндіріс процесінде маңызды рөл атқарады. Несие ақшалай капиталдық қарызға трансформациясын қамтамасыз етеді және несие берушілер мен қарызға алушылардың арасындағы қарым-қатынасты білдіреді.

Оның көмегімен мемлекеттің, халықтың, ұйымдардың және кәсіпорындардың табыстары мен бос (еркін) ақшалай қаражаттары жинақталып, уақытша пайдаланудың төлеміне аударылатын несие капиталына айналады.

Қазіргі уақытта қарызға ақша ұсынатын негізгі несие беруші - банк болып табылады. Ол кәсіпорындардың, ұйымдардың, кеңселер мен халықтың уақытша бос қаражаттарын шоғырландырып, оларды қарызға алушыға уақытша пайдалану үшін несие түрінде ұсынады. Бұл ретте банктен алған несиені тек қарызға алушы ғана емес, сондай-ақ соңғысы да меншік иесіне тартылған ресурстарды қайтаруға міндетті. Бұл арада банк бір жағдайға несие беруші болса, екінші жағдайда - қарыз алушы болып көрінеді.

Қарызға алушы - несиелік қатынастар жағы, несие алып, алған қарызды қайтаруға міндетті жағы. Қосымша ақшалай қаражатқа уақытша мұқтажлығы туғандар қарызға ақша алушылар болып табылады. Қазіргі заман талабына сай қарызға алушылар - кәсіпорындар, кәсіпкерлер, халық, мемлекеттер мен банктер болуы мүмкін. Алайда, қарызға алушы қарызға алынған қаражаттың меншік иесі болып табылмайды, өндіріс саласында, айналымда оны ол өз қалауымен қолданады. Бұл жағдайда ол алынған ақшадан гөрі, яғни шаруашылықта ауыспалы айналым қоры таусылғаннан кейін оны іске асырып, пайдаланғаны үшін өтемақы төлеп, қарызды артық көлемде төлейді. [2]

Несиелік мәміледе қарызға алушы несие берушіге тәуелді, оған несие беруші өз талаптарын қояды. Алайда, қарызға алушы мен несие беруші несие

катынастарының толық құқықты жақтары болып табылады. Олар міндетті түрде қатысуы керек және бұл жағдайда олар орындарын ауыстыруы мүмкін. Несие беруші - қарызгер болуы мүмкін. Несие беруші мен қарызға алушы өзара іс әрекеттерінде қарама-қайшылықтың бірлігі сипатын көрсетеді. Несиелік мәміленің қатысушылары ретінде олар оны қарама-қарсы жақтарында тұрады. Олардың мүдделері де бөлек, несие беруші неғұрлым жоғары пайыздық несие бергісі келеді, қарыз алушыға мүмкіндігінше арзан несие алып, қосымша қаржылар табу мүддесі болады.

Қазіргі кезде несиенің өз уақытында қайтару кепілдік жүйесін құру банк үшін әр түрлі меншік формасындағы кәсіпорындарды дамыту мен байланысты ерекше маңыздылыққа ие.

Несиенің қайтарымдылығын қамтамасыз ету формасы қарыз алушының нақты қайтарушы субъектіні анықтауы қажет және несиегердің пайдалануына заңи түрде жасақталуы тиіс.

Суданы өтеудің механизмі несие келісім шарттарында бекітіліп, несиені қайтарудың негізгі арнасын және оның кепілмен қайтарылуын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Бұндай кепілділік төлемді қайтаруды ұзартуда қажет тәуекел түрі болып табылады. Несиені қайтаруды қамтамасыз етудің кепілі несиегерге оның сақталуын, ссуданың шапшаң қозғалуын қамтамасыз етеді.

Банктік тәжірибеде ссуданы өтеудің көзі болып өнімді өткізуден түскен табыс болуы мүмкін, ол қарызгер үйлестіруші болып табылады. Ол өнімді өткізуден түскен түсім болуы мүмкін немесе мүлік және қарызгер үйлестіруші болып табылады. Өнімді өткізуден түскен түсім – банктік ссуданы өтеудің негізгі қайнар көзі, бірақ ол несиені қайтарудың әрдайым арнасы бола бермейді, несиені қайтарудың кепілі болып қаржы тұрақты мекемелерде жүзеге асуы мүмкін.

Кәсіпорындарға, яғни бірінші сыныпқа жатқызылмайтын қарызгерлерге қосымша несиені қайтару жолдарын қарастыруы тиіс. Несиені қайтарудың формаларына мыналар жатады:

- 1) Мүлік кепілі және құқығы;
- 2) Міндеттер мен құқықтардың шектеусіздігі;
- 3) Жекеменшік құқықтарынң берілуі;
- 4) Кепілділік;
- 5) Сақтандыру;

Көрсетілген формалар несиені қайтаруды қамтамасыз етуде арнайы өзіндік құжаттармен көрсетіледі.

Клиенттердің мүлікке салынған кепілі банк несиелерін қайтаруды қамтамасыз етудің көп тараған формасы. Кепіл операцияларын банктер, маманданған несие-қаржылық институттар жүзеге асырады, олар қаржылық

материалдық құндылықтарды ссудаға кепіл арқылы береді (бағалы қағаздар т.б). [3]

Міндеткерді қамтамасыз етудің кепілділік түрі мынадай түрде несиегер міндеткердің алынған мүліктің құнына сәйкес кепіл болып, басқа несиегерлер арасында жауаптылыққа ие болады. Салынған мүліктің құны ссуда берілгенде оған салынатын кепіл мүліктің барлық құнына емес, оның 50-90% құнына салынады.

Келісім шартта кепіл туралы келесілері көрсетілуі тиіс:

- Кепіл заты және оның бағасы;
 - Міндеттердің орындалу уақыты;
 - Берілген мүлік қай жақтан екенін анықтау.
- Келісім шарттың кепілі туралы тарауында келесі құжаттар көрсетілуі тиіс:

- Мүлік құны, банкке берілген кепіл;
 - Мүлікке салынатын қоймалық құжаттар;
 - Егер мүлік шетелде қолданылатын болса, кеден декларациясы беріледі;
 - Берілген мүліктің сапа сертификаты мемлекеттік эксперттен өтуі тиіс.
- Кепілдікке мыналар қабылданбайды:

- Шикізат;
- Аяқталмаған өндіріс;
- Азық-түлік;
- Тауарлы-материалдық құндылықтар.

Тұтынушылардың сұраныстарына жауап бермейді. Кепіл сонымен қатар оның көлеміне нақты уақытта қызмет етуін пайыз бен шығындарды қоса отырып, өтеу мерзімін шегере отырып, тұрақсыздыққа, салынған мүлікке байланысты шығындарды қоса жүргізеді.

Кепіл заты өзін жойса немесе зақымдалса жекеменшік құқығы немесе шаруашылық енгізу қарызгер кез-келген уақытта кепіл затын қайта жасақтап немесе оны құнды затпен яғни сол кепілмен тең мүлікпен ауыстыра алады.

Кепілдің объектісіне байланысты кепілдің бірнеше түрін айырады:

- Клиенттің мүлік кепілі;
- Құқық кепілі;
- Тауарлы-материалдық құндылықтар;
- Дебиторлық шоттар кепілі; [4]

Кепіл туралы келісім шарт заңды құжат жазу формасында негізгі міндеттен бөлек қарастырылады.

Кепіл келісім шарты құқықтық органдарда тіркелуі тиіс, мүліктің тіркелгендігін қамтамасыз ету, егер өзгертулер болса қосымша тіркелу жүргізіледі.

Қорытынды

Қорыта келе несие ұғымы нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілерімен қатар, мемлекетте, үкіметте, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады.

Қазіргі кезде несиенің өз уақытында қайтару кепілдік жүйесін құру банк үшін әр түрлі меншік формасындағы кәсіпорындарды дамыту мен байланысты ерекше маңыздылыққа ие.

Несиенің қайтарымдылығын қамтамасыз ету формасы қарыз алушының нақты қайтарушы субъектіні анықтауы қажет және несиегердің пайдалануына заңи түрде жасақталуы тиіс.

Несиенің қайтарымдылығын қамтамасыз ету клиентке бір жағынан банкке өте тиімді шешім, әрі заңды түрде шешімін табуы екі жаққа өте қолайлы. Бұл мақалада мүлікке салынатын кепіл және олардың қандай жағдайда салынатыны, мерзімі көрсетілген. Тақырып толық ашылған және барлық тиімді жақтары көрсетілген.

Әдебиеттер:

1. Хамитов . Н. Н. – « Банк ісі». Алматы : 2006 ж .
2. Мақыш С.Б. «Коммерциялық банк операциялары» Алматы-2002
3. Деньги, кредит, банки. Учебник под ред. Колесникова В. Питер-2001 г.
4. Сейтқасымов Ғ.С. «Ақша,несие,банктер». – Алматы: Экономика, 2005.;